

## Ұлт мерейі



Осыдан тура бір ғасыр бұрын Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш арыстары жұмыла кірісіп «Қазақ» газетін шығарды. Осылайша, әуел бастан-ақ басылым өз бағдар-мұратын ұлт жолына жұмсап, барша Қазақ зиялыларын тынымсыз соғылған қоңырау сынды халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мындаған зерделі жасты тәуелсіздік туының астына жинай білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі қоғамдық ұйым: ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйтқы болды. Заман аударылып-төңкеріле бастаған тұста Қазақ елін аласапыраннан аман-есен алып шығып, автономиялық мемлекет мәртебесіне жеткізуді мұрат тұтқан Алашорда үкіметінің үні болған да осы газет.



Осы ретте, «Қазақтың» алғашқы (1913 жыл, №1) санынан бір мысал келтіре кетелік: «Газеттің пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газет-журналдары көп. Оны мынадан байқауға болады.

1909 жылғы санаққа қарағанда, Америкада шығатын газет һәм журналдың атауы жиырма бір мың төрт жүз отыз бес, Францияда сегіз мың, Италияда үш мың бір жүз жиырма, Россияда екі мың елу сегіз екен. Ең білімді һәм өнерлі халық Америка, сол Америкада газет пен журнал бәрінен де көп. Америкада «Сон» деген газеттің үйі отыз екі қабат, биіктігі алпыс бір сажен. Ондай үйдің бағасы әлденеше миллион боларға керек? Неге десеңіз, ол үй тұрған қалада үй орнының жері ғана екі-үш миллион доллар тұрады.

Газетті жұрт керек қылмаса, миллиондап капитал ол үшін жұмсамас еді. Осылардың бәрі де газет керек нәрсе екендігін көрсетеді. 1907 жылғы санаққа қарасақ, Россияда сол жылы екі мың бір жүз жетпіс үш газет һәм журнал шыққан екен. Оның бір мың үш жүз тоқсан алтысы орыс тілінде, сегіз жүз алпыс жетісі басқа тілде басылыпты. Сол сегіз жүз алпыс жетінің ішінде біздің татар қарындастарымыздың отыз шақты газеті-журналдары болды. Бізде біреуі де болмады. Онан бері бес жыл өтті. Бұл бес жылдың ішінде газет-журналдардың саны бұрынғыдан да өсті. Бізде құр алақан болғанымыз жоқ. «Айқап» журналы шықты. Бұл бұрынғыдан гөрі, бір адым болса да, ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, сол күйімен тұрып қалсақ, онымен алысқа ұзай алмаймыз. Ілгері басқанның үстіне ілгері басуымыз керек. Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек. Дүниенің төріне қызыққандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық, басқалар төрге қарай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік. Басқалардың заманға қарай өтіп жатқан амалын көруімізге газет-журнал керек», деп жазды тәу басылымның бас мақаласында шығарушы бас редактор Ахмет Байтұрсынов.

«Қазақ» газеті әуелде 1907 жылы наурыз айында, Троицк қаласында шыққан. Бір саны шығып тоқтап қалған. Шығарушысы – Хаим Шумлов-Сосновский, бастырушылар – Жетпісбай Андреев, Ешмұхамет Иманбаев. Бұл жайлардың бәрі татар зерттеушісі Рәмиевтің «Уақытылы татар матбұғаты» деген альбомында жазылған. Алайда, ұлттың бас газеті, қалың Қазақ елінің айнасы, шамшырағы болған, білім мен өнерді, мәдениетті насихаттап, жұртшылыққа таныстырған «Қазақ» газеті Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың арқасында

оқырмандарымен қайта қауышты. «АйҚАП» пен «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Қазақстан» беттерінде жарияланған мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиясында «Қазақ» газетінің Орынборда 1913 жылғы 2-ші ақпаннан бастап шыға бастағаны айтылады. Редакторы – Ахмет Байтұрсынов, бастырушы – «Азамат» серіктігі, Құсайынов – Кәрімов баспаханасы. Архивте газеттің екінші редакторлығына М.Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылғы 19 мамырда Орынбор губернаторына жоғарғы баспасөз басқармасының берген бұйрығында: «Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы қызметін атқаруға Торғай облысы, Сарықопа болысы, №1 ауылдың қазағы Мир-Якуп Дулатович Дулатовқа рұқсат беріледі», делінеді. Ал газеттің 1918 жылғы 261-265-сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков болған. Бұдан кейін де «Қазақ» газетін жалғастыруды ойлаған талап болған. Газеттің 266-шы санын шығарған дейтін де деректер бар, бірақ бұл басылымдар оқушы қолына түгел жетпеген, қуғын-сүргін көрген басылым басында қандай берекет болады, жасырын газет осылайша ақыры түпкілікті жабылып тынған. Шығарушылары қуғындалған заман да Қазақ басынан өткен бір зұлмат кезең ретінде есте тұрады. Жазықсыз жазаға ұшыраған асыл азаматтарымыздың ішінде А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың есімдерін қазір тебіренбей ауызға алу мүмкін емес. Олардың ағартушылық қызметі, ғылымдағы, әдебиеттегі аударма ісіндегі, оқу құралдары мен әдеби шығармаларды шығарысудағы және журналистикадағы зерттеушілік дарынды қызметтерін ерекше атап өтпеске болмайды. Тұңғыш журнал «АйҚАП» пен «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған мақалаларын оқығанда олардың сан қырлы еңбектерінің куәсі боламыз. «Қазақ» газетін ұлтшыл, буржуазияшыл, либералшыл орган, алашордашылардың рупоры ретінде, ал оның редакторлары А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтарды алашордашыл «халық жауы» деп бағалап, газетте басылған халқымыздың әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан, экономикалық-саяси жағдайларынан, әдет-ғұрпы мен заңынан бай мағлұматтар беретін материалдардың бетін жылы жауып қойған заман да өтті.

Осы тұста «Оян, қазақтың» тағдырына орала кету жөн. Өйткені, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағымен» «Қазақтың» тамыры бір, өзектес. Мәселен, «Оян, қазақты» елде конфескелеп, таралымына тыйым салынғанда қандас түрік ағайындар қолұшын созған.

«Оян, қазақтың» түрікше басылымы – Міржақып Дулатұлының 1909 жылы жарық көрген бұл еңбегін қаз-қалпында қайтадан басуға түрік бауырларымызды жетелеген өзіндік себептер, әрине, баршылық. Соның бірі – патшалық Ресейден басталған империялық саясаттың Кеңес Одағы тұсында одан әрі асқынып кеткендігі бір болса, екіншіден, Міржақып Дулатұлының осы шығармасында көтерілген мәселелердің Түркістан ұлт-азаттық қимылының дабылшысы боларлық сипаты Қазақ даласында сол кезге дейін сақталған еді.

1917-1918 жылдардағы, одан кейінгі кезеңдердегі оқиғалар орыс бодандығындағы түркітөктес халықтардың бәріне, әсіресе, түркістандықтарға көп нәрсенің бетін ашып берді. Бұл дерек Дулатов шығармалар жинағының бесінші томында жақсы айтылған. 1930 жылдары Түркияның президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің

қолдауымен шығарылған Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағының», түрікше басылым, сол кітапқа жазған баспагер Таһир Шағатайдың алғы сөзінің мәні зор. «Туындының тақырыбына үңіліп, мазмұнын аңғарған сайын жап-жас автордың сол тұстағы қоғам шындығына, әлеуметтік, мәдени, саяси өмірге соншама терең бойлай алғанына таңғаласың. (Бұл мәселелерді айқын да ашық түсіндіре алған шеберлігі қызықтырады). Қаламгердің осы замандық ұлт-азаттық күрестің негізін қалаушылардың бірі деп бағаланатын қасиеті де осы. Автор осы кітапшасы үшін ғана патшалық ресей үкіметінің қуғынына ұшырап, түрмесіне түсті. Осы кітапшасымен ол ұлт-азаттық күресінің алғашқы қаһармандарының бірі санатына қосылды. Дәл осы кітабы үшін большевиктік орыс өкіметі де оның соңына шырақ алып түсті», деп жазды Таһир Шағатай.

«Оян, қазақ» жарық көрген 1909 жылдары жазушы Орынборда қызмет атқарған және сонда шығатын «Қазақ» газетінде үздіксіз мақала жазып, осы газет төңірегіндегі зиялылардың ой-пікірлерін ортаға салып отырған. Мұны осы газет бетіндегі қысқа, нұсқа материалдардан көруге болады.

Бұларда патшалық орыс билігінің Түркістан даласына байланысты саяси, әкімшілік жүйелері, Қазақтардың жер мәселелері, қарашекпендердің Қазақ жеріне қаптап келуі, осыған орай орыс саясаты айтылады. Сол солақай саясат пен заңдардың өзі далада дұрыс пайдаланылмайтыны сынға алынады.

Осыларды оқылап айта отырып, ақын қазақ жастарына үміт артып, сөз арнайды. Өз тағдырларына өздерің ие болыңдар, саясатқа келіндер, өздерінді өздерің басқарыңдар, заң аясында өз хұқтарыңды пайдаланыңдар, ол үшін оқыңдар, орыс тілін үйреніңдер деп кеңес береді, жастарға қатты да, тәтті де айтады. Түркістан жастары, білімдерінді халық пайдасына жұмсаңдар, елдің өркендеуіне жеткізетін істерге жұмылдырыңдар, – дейді. Шығармадағы шындық та, құндылық қасиет те осында.

Шыға салған бетінде патшалық ресейді селк еткізген «Оян, қазақ» кейін Кеңестік орыс үкіметінің де берекесін бек кетірді. «Оян, қазақ» авторын әуелінде патшалық Ресей үкіметі қуғындап, шығармасына тыйым салып, өзін тұтқындап, түрмеге салса, оған енді Кеңес үкіметі тіпті қатты шүйлікті. Патшалық үкімет қолдаған жазалау шараларын одан әрі рақымсыз жүргізді. Ақыры, «Оян, қазақ» авторын Кеңес үкіметі тұтқынға алып, сүргінге айдап, жәбірлеп өлтірді. Бұл оқиға Кеңес үкіметі кезінде осы мемлекетте жүргізілген империалистік және отарлау саясатының қалай, қайтіп жалғастырылғанын әйгіледі.

Міржақып Дулатовтың шығармалары, түркістан түріктерінің барлық ұлтсүйер жазушыларының шығармалары сияқты, бәрінен бұрын, ұлттық рухқа өкілдік етеді. Патшалық Ресей жазушылары орыс ұлтшылдығына қызмет етпеп пе еді, сол ұлт мүддесіне өкілдік етпеп пе еді? Ал, солар бүгінде бұрынғы орыстың емес, бүгін Кеңес Одағы халықтарының ұлттық ақын-жазушылары болып саналғанда Міржақып Дулатов, түркістандық басқа да ақын-жазушылар, ең болмағанда, өз мемлекетінің ұлттық ақын-жазушылары болып та есептелмейді. Олардың еңбектері неге өз мемлекетінде еркін жарияланбайды?

Мұндай кінәратты оқиғаны кеңестік басылымдардың әдебиет тарихына байланысты шығармалардан да байқауға болады. Патшалық дәуірдегі орыс ақын-жазушыларының бәрінің еңбектері зерттеліп, зерделеніп, әдебиет тарихына

енгізіледі де, Түркістандық ақын-жазушылардың адамгершіл еңбектері ескерусіз қалады. Байқасаңыз, әдебиет тарихында түркістандық ақын-жазушылары туралы бір ауыз оңды сөз айтылмайды.

Міне, осы оқиғалар Кеңес орыс империалистік жүйесіндегі билеуші ұлттың бағынышты ұлт халықтарына қолданған теңсіздігінің, хұқық өлшемінің өрескел бұзылғандығының айқын мысалы.

Осындай кесек-кесек ойларда ортаға салған алғы сөз иесі: «Біз қолымыздан келгенінше, ол жақта басылуына, тарауына тыйым салынған түркістандық ақын-жазушылар еңбектерін қаз-қалпында жариялай беретін боламыз. Сөйткенде ғана бодан халықтардың бұрқанған ой-пікірлерін шетелге таныта аламыз да, екінші тараптан Кеңестер Одағының бұратана халықтарға байланысты сұрқия саясаттарын әлемге әйгілеп бере аламыз деген үміт жетегіндеміз», дейді.

Міне, көрдіңіздер ме, кітап тағдыры да адам тағдыры іспеттес, қандай аянышты хал, түрік ағайындардың елшілдік мінезіне қалай тәнті болмассыз... Бұл ретте мұндай сөзді Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы хақында да айтуға болады, басқа да Алаш арыстары осындай зәрезап заманның ауыр тауқыметін тартқан, шындықтарын көрген, шығармалары іште тұншығып, ұлт пайдасын айтқан ғәкіл сөздері ел-жұртымен ашық дидарласа алмаған. Әрине бұл зор зардап еді.

Енді газеттің қандайлық қиындықтармен шығып тұрғанына тоқталалық. «Қазақ» газетін тексеріп, бақылауды Торғай облыстық басқармасының тілмашы, татар тіліндегі мерзімді баспасөздерді бақылаушы Тунганчинге тапсырғаны туралы Орынбор генерал-губернаторы генерал-лейтенант Сухомлиновтың бұйрығы бар. Архив материалдарымен танысып отырғанда газеттің әр мақаласының қандай қиындықтармен өмірге келгенін көз алдымызға елестетуге болады. Орынбор губернаторының Ішкі істер министріне жазған қатынас қағаздарынан «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 78-санындағы «Алашқа» және 1914 жылғы 79-санындағы «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақалаларда үкіметке қарсы үгіт-насихат әрекеттерінің көрініс беретіні айтылып, патша саясатына бас көтергені үшін Байтұрсыновты екі жылға жер аударуға, ал газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған «Бұл қалай?» деген мақала үшін (аударған Тунганчин) 50 сом айып салынғаны немесе 2 апта түрмеге жабылуға шешім қабылданғаны айтылады. 1914 жылғы 80-санында басылған «Закон жобасының баяндамасы» деген мақаласы (Тунганчиннің аудармасы) үшін Орынбор генерал-губернаторы А.Байтұрсыновқа 1500 сом айып немесе 3 ай түрмеде отыру үкімін кескен екен. А.Байтұрсыновтың Орынбор губернаторына, Ішкі істер министріне, Сенатқа жазған арыздары да осы архивте сақтаулы. Бұл арыздарды тебіренбей оқу мүмкін емес. Ақыры Сенат Орынбор губернаторының үкімін бұзуға мәжбүр болады да «Қазақ» газетінің редакторы – А.Байтұрсынов 1500 сом айып төлеуден босатылады.

Қалай дегенмен де қазақ баспасөзі оңайшылықпен қалыптасып, дүниеге келген жоқ. «Қазақ» газеті, – деп жазды Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында, – ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді Қазақты оятып, күшін бір жерге жинап, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден

іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытқа келді. Бұл тұтынған жолында «Қазақ» газеті өз міндетін дөп атқарды».

Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов әділ бағасын берген «Қазақ» газеті қаққан Тәуелсіздік қоңырауының үні ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, енді дербес ел болған Қазақ мемлекеті бүгіндері әлемдік беделге ие болды. «Қазақтың» басты жетекшісі болған Әлихан Бөкейханов, газеттің төл ұйымдастырушы редакторы Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов және басқа да арыстарымыздың арманы қалған жерде қайта жаңғырып, жұртымен тұтас жасаса – мақсаттың орындалғаны, тарихы терең, халқымен шынайы мың өліп, мың тірілген, қайта оралған «Қазақ» газеті қалған тағдырын елімен бірге жүріп жасамаққа ниет етеді.

Бүгінгі ұрпақ газет жұмысына кезінде оқтай зырлап, қардай борап, тер төге, жұмыс еткен Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Жиһанша Досмұхамедов, Мұхаметжан Тынышбаев, Жиһанша, Жансұлтан Сейдалиндер, Асылбек Сейітов, Мұстафа Шоқаев, Бекмұхамет Серкебаев, Мұстафа, Ахмет Оразаевтар, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты бұрынғы ата-баба еңбегіне ізетпен алғыс айтуға тиіс. Аттары аталған жайсаңдарымыз сол тұста газеттің тұрақты авторлары болуымен бірге, басылымның ел арасына кең тарауына меценаты да бола білген зиялылар.

Рас, қазір баяғы замандағыдай емес, уақыт басқа, Қазақстанда газеттер көптеп шығады. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан бері бұл салаға кең жол ашылды. Мұндай қадамға қуану керек. Тіпті «Қазақ» газетінің дәстүрін жалғастыруды ниет етуші басылымдар да табылады, абзалы, асығып-аптықпай, осылайша түгенделеміз десек, бүтінделе береміз, бәрі орынды. Халық – әділ қазы. Әйтсе де енді жарық көріп отырған «Қазақтың» ешқандай басылыммен таласпақ ойы жоқ, бәсекеге де түспейді, газетке мінез керек, әр газет-журналдың өз жолы бар, сол жолда кім-кім де оза шапса, беті қабыл. Әріптес басылымдармен бірлесе «Қазақ» қазақ жүгін сүйреуге тартынбайды, ақ сөйлейді, ешкімнің айыл тартпасы болмайды, түтіні түзу шығады.

Өмірге қайта келген «Қазақтың» мақсаты – айқын, ұстанымы – берік, жүрегі – адал, қызметі – халыққа, тілегі – ұлттық мінез, тілінің, дінінің, ділінің сау, өсіп-өркендеуіне үлесін қосады. Осы ретте «Қазақ» газеті, сөз жоқ, оқушыларына арқа сүйейді, аталы жұрт, ауқымды милләтіне иек артады.

Имандай сыры – «Қазақ» қазағымен әрдайым бірге! «Қазақ» әр қазақтың шаңырағынан табылам деп өмір есігін ашты. Арыстарымыз басылымның атын әуелде «Қазақ» деп қойған ғой. Бұл атты олар аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп қойған. Милләт халын ойымызға алып, қызмет етуді мойнымызға алып, арнаған ісіміз дейді және. «Құдай сәтін салсын «әумин» деп қол жайып, «әуп» күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік», дейді тағы. Міне, қандай аталы сөз, дуалы уәж! Біздің ұстаным да осы болмақ, бола береді де!

Міне, осылай ағайын, «Қазақ» қазағымен әрдайым бірге боламын деп жаңа дүние есігін ашты ғой. Рас, қалың жұрт, қазақ қауымы қуанды. Құшағын ашты.

Әйтсе де біздегі бір мін: сол «қуаныштардың» бәрі сырт қуаныш па деп ойлауға негіз бар. Қазақ «әумин» деп қол жайғанмен «әуп» дейтін кезде шегіншектей ме

қалай, талай көз көрді, «Алла» деп іске кірісіп кеткенде әйтеуір бір ебін тауып сырттай салады. Әуелгі батаның ішінде болғанды кейін таба алмай, тіптен адасып қалып жүргенің. Мұны біз осы «Қазақ» газетін шығару барысында, күнделікті тұрмыста, әсіресе, газет-журналға жазылу науқаны кездерінде байқап қалып жүреміз. Осыдан да басылымның таралымы төмен, тіптен олқы. Бұл бір, екіншіден, жаңа құрылған редакцияның кем-кетігі көп болары белгілі, баяғы Орынборда ашылған газеттің өз ғимараты, шағын да болса өз баспаханасы, тағысын тағы мүліктері, техникалық жабдықтары болған ғой, ал оны кезінде жаңа өкімет конфескелеген («Қазақ» оны енді кімнен және қалай даулар?), демек, ескінің тұқылы да қалмағаны белгілі. Осыны орнына келтіріп, тақыр жерге үй тігу жеңіл шаруа болып па, міне, мұның бәрі енді ашылған «Қазаққа» оңайға тиіп жүрген жоқ, басталған істі «Қазақ шаруасы» ғой деп аяғынан аяқтандырып жіберуді біздің бұл өкімет те ойларына алар емес, «қайтер екен» деп шығарушыларға жоғарыдан қарап отыр, «Қазақты» мемлекет қамқорлығына алуды мүлдем қарастырмайды да, міне, гәп қайда? Осындай шаруаларды толайым айтудан, әуелі газет бетінде жазудан да кенде емеспіз. «Қазақ» газетінің жайы жайлы билікке, Үкіметке, тиісті орындарға, министрліктерге, жергілікті әкім-қараға, жекелеген тұлғаларға, жалпы Алаш жұртына жыр ғып та, сыр ғып та, мұң-шер ғып та талай ақтарыла жеткіздік қой, әттеген-айы, бір кем дүние, ешкім селт етпейді, мұны бір Қазақ шаруасы деп әуелі есептемейді де. Сонда қалай дегеніміз ғой, өткенімізді түгендемей, өшкенімізді жандырмай, жоғалтқанымызды іздемей қалай ел болар екенбіз? Тәуелсіз мемлекетке осындай қылық жараса ма? Кімге жүгінуге болады?

Адам үмітпен өмір сүреді. «Қазақ» басында Тәуелсіздігі бар халқына сенеді. «Қазақтың» бар мақсаты Алаш жұртымен бірге болу. Алла ниетімізге жеткізсін. Ылайымда, алдағы ғасырлар Қазақ ғасыры болғай.

**Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ,**